

Семиотикалық анализдің теориялық принциптары

Борбасова Қарлығаш ф.ғ.д., профессор
Жұмағұлова Самал 2курс магистранты

Семиотика ғылыми тілде (гр. семеіон – белгі, таңба) (семиология) — таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы (тіл, мәдениет, салт – дәстүр , кино т.б.), табиғаттағы (жануарлар дүниесіндегі коммуникация) немесе адамның өз қызмет-қабілетіндегі (заттарды көру, есту арқылы қабылдау, логикалық пайымдау) ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әр түрлі таңбалық жүйелердің құрылымы мен қызметінің жалпы мәселелерін зерттейтін ғылым [1].

Ғылымда еңбектерде семиотиканың үш деңгейде жіктелетіні көрсетілген:

1) Таңбалар арасындағы, сөз тізбегіндегі қарым – қатынасты білдіретін синтактика;

2) Таңба мен сол арқылы белгіленген заттың арасындағы қарым – қатынасты білдіретін семантика;

3) Таңба мен оны пайдаланушылардың арасындағы қарым-қатынасты білдіретін прагматика

Семиотика таңба мен белгілерді зерттейді. Таңбаның тарихы, мағынасы, қандай мақсатпен бұл таңбаның салынғаны – семиотика. Семиотика ғылым саласын қазіргі таңда – лингвистикада, математикада, әдебиетте, сәулет өнерінде, көркем суретте, пәтерді жобалауда пайдаланады [2, 59].

Семиотика ғылымының негізін американың философтар Чарльз Сэндерс Пирс пен Чарльз Моррис және швейцарлық лингвист Фердинанд де Соссюр қалаған. Чарльз Пирстің семиотика туралы еңбегі 1930 жылдары шыға бастады. Пирс семиотикалық түсініктерге (таңба, белгі) сипаттама берген. Ол семиотика ғылымы еркеше ғылым саласы екенін дәлелдеуге тырысқан және семиотикадағы таңба мен белгілерді жіктеп үш топқа бөлген

Бірінші топ таңбалық – иконы. Бұл таңба мен таңбалық объект арақатынасы. Мысалы: «портрет» нақты адамды бейнелеу.

Екіншісі таңбалық – индекс. Кеңістік пен уақыт аралығындағы таңба мен белгіленетін объект. Оған мысал келтірер болсақ: «түтін» оттың белгісі, «жол көрсеткіштер».

Үшінші топ таңбалық – символ. Таңба мен объектің арасындағы конвенционалды келісім. Бұл таңбалық – символға келісім, салт – дәстүр немесе жай ғана кездейсоқтық жатады [3, 107].

Егер біз Пирс ұсынған үштік жіктелімді ескеретін болсақ, онда оның әр бөлігіне көрінетін байланыстық белгілі бір құбылысы сай келетініне көзіміз жетер еді. Бұл біршама кездейсоқ тізім, Пирс өзі алдын ала білген таңбалардың әртүрлі жасалуы, мысалы, иконалық синсигнум, иконалық легисигнум және тағы да басқалардың мүмкін екенін дәлелдеп тұр. Біздің зерттеу үшін таңбаның нысанға қатысты жіктелімі ерекше қызығушылық туғызды және осыған орай, ешкім де көрінетін символдардың кодталған «тілдің» құрамына кірмейтінін жоққа шығара алмайды. Оның есесіне,

индексті және иконалық таңбалар туралы мәселе тым даулы болып көрінеді [3, 210].

Пирс индексті таңбаның — өзі белгілеп тұрған нысанға қандай да бір ойландырмайтын тәсіл арқылы назар аудартатын таңба болатынын көрсеткен. Пирс бұл ойын дәлеудеу үшін мынандай мысал келтіреді. Егер мен «суланған дақты» көрсем, ең алдымен, су төгілген деп ойлаймын; дәл солай, «сызық – тілді» көргенде, мен көрсетілген бағытпен жүремін, әрине, егер бұл хабар маған қажет болса, дегенмен қалай болғанда да, мен хабардың мағынасын бірден ұғамын. Алайда кез келген көрінетін индекстегі таңбаның өзі де келісімге немесе тәжірибеге негізделіп, маған қандай да бір нәрсе туралы хабар жеткізіп тұрады. Іздерді тануды бұрын үйретсе ғана мен жердегі ізге қарап, қандай аң жүгіріп өткенін айта аламын. Егер мұндай ізді мен бұрын көрмесем және ешкім де маған оның не екенін айтпаса, мен индексті таңбаны танымай табиғи құбылыс ретінде танитын едім.

Сонымен, белгілі бір жауапкершілікті сезіне отырып, индексті таңбаларға қатысы бар барлық көрінетін құбылыстарды конвекциональды таңба ретінде қарастыруға болады деген тұжырым жасауға болады. Көзінді шағылыстырып, кенеттен жарқ ететін жарық, мені ойланбай қимылдауға мәжбүр етеді және ешқандай семиозистің бұл жерде қарасы да көрінбейді, өйткені бұл жердегі мәселе қарапайым физиологиялық стимулға қатысты болады, дәл солай, мен бұрын көрмеген қорқынышты аңды көргенде де көзімді жұмып қалар едім. Бірақ аспан төрінде шашырап келе жатқан арайдың жарығына қарап, таңның атқанын білгенім, мені бұл белгіні тануға үйретуге байланысты. Ал иконалық таңбаға қатысты мәселе әрі күрделі, әрі басқаша.

Пирс иконалық таңбаны — оған қатысы бар нысанмен белгілі бір табиғи ұқсастығы бар таңба ретінде анықтаған еді. Оның портрет пен адам арасындағы «табиғи ұқсастықты» қандай мағынада түсінетінін ойша таба аламыз, ал диаграммаларға келетін болсақ, Пирс оларды иконалық таңбалар деп білген, өйткені олар нақтылықта бар қатынастардың формасын жеткізіп тұрады [3, 102]. Иконалық таңбаны анықтау сәтті болды — анықтаманы әрі қарай Моррис дамытты, әрі қарай насихаттады, өйткені, бейненің семантикалық анықталуы үшін, бұл оған қолайлы тәсіл болып көрінді. Моррис үшін иконалық таңбаға, өзінде белгіленетін нысанның қандай да бір қасиеті болатын немесе, нақтылап айтсақ, «өзінің денотаттарының қасиеттерін иеленетін» таңба жатады [6, 37].

Ал Фердинанд де Соссюр «Семиотика» термині алғашқы кезде формалды логика – математика саласы үшін қолданылған, ал оның заттық – мазмұндық жағы Еуропа дәстүрі бойынша семасиология деп аталған, кейін бұл екі термин синоним ретінде қолданылатын болды. Семиотиканың көлемді объектілерінің ішінде неғұрлым ортақ сипат тіл мен көркем әдебиеттің арасында айқын байқалады. Сол себепті тіл мен әдебиет семиотикасы гуманитарлық семиотика сының өзегі болып табылады [4, 175].

Ең алғаш таңбалар жай ғана жүйеде болмай, белілі бір ойды білдіріп уақыт кеңістігінде өзгеретіндігін Фердинанд де Соссюр айтқан. Және де

Соссюр таңбалар қандай параметр арқылы яғни таңба прагматикалық және синтактикалық бағытта өзгертіндігін айта отырып, сол таңбалар жүйесінің өзгеруіне анализ жасап, тіл білімінде таңбалардың орнын анықтаған. Таңбаның семиотикада алатын орны және таңбаның салмағы өте маңызды. Мысал ретінде Соссюр шахмет ойынын келтіреді. Шахмат ойынында фигуралар өзінің орнында тұрады. Бірақ егер фигуралар орнынан қозғалған жағдайда ойын барысы өзгереді. Пешка фигурасы таңбалық белгіде салмағы жегіл ал егерде сол пешка көлденең сегіз шақпақ жүрсе карольден басқа барлық фигураға айнала алады [7, 77]. Менің ойымша, бұл таңбаның салмағын анықтап тұр демек барлық таңбаларда осындай өзгеріс бола алады. Таңба белгілі бір жүйеге түсіп қосымша сапа алып, оның салмағы белгіленеді. Сөз таңбаның басқа таңбалармен байланысы емес таңбаның адам өмірін әсері туралы. Сонымен жүйеге кірген әрбір таңбаның өзінің сыртқы және ішкі мағынасы болады. Таңбаның ішкі мағынасы таңбаның екінші бір таңбамен байланысының орнын қалыптастырады. Бұл негізіне лингвистикада көптеп кездеседі, айтар болсақ әрбір сөздің бірнеше мағынасы энциклопедияда жазылған.

Ф. де Соссюр көтерген және өз көзқарасын баяндаған проблемалар көп, солардың бастыларына төмендегілерді жатқызуға болады.

Фердинанд де Соссюр «Тіл – идеяны білдіретін таңбалар жүйесі» дейді, оны өмірде қолданылатын басқа әр алуан таңбалармен қатар қоюға, жазумен, мылқауларға арналған әліппемен, символикалық әдет – ғұрыптарымен, әдептілік, сыпайгершілік формалармен, әскери сигналдармен, тағы басқалармен салыстыруға болады [4, 44].

Таңба өзі білдіретін идеямен емін – еркін және шартты қатынаста болады. Емін – еркін болатын себебі таңбаланушы таңбалаушының мәнін ашып бере алмайды дейді.

Ф. де Соссюр көтерген төртінші проблема «Тіл және сөйлеу мәселесі». Ол тіл мен сөйлеу бір – бірімен байланысты, бірақ бір – бірінен өзгешеліктері бар, екі бөлек дүние. Сөйлеу – тілді қолданудың нәтижесі, ол – индивидуалдық, ал тіл – қоғам мүшелерінің бәріне бірдей дәрежеде міндетті, өзара байланысты таңбалардың жүйесі. Тіл – әлеуметтік сипатқа ие дейді.

Тіл мен сөйлеуді бір – бірінен бөліп қараудың ғылыми мәні зор, бірақ бұл екеуін бір – біріне қарсы қоюға болмайды. Сол сияқты, сөйлеудегінің бәрі таза индивидуалдық деу де асырып айтқандық. Әрбір сөйлеуші индивидум қоғамдық тілдегі бар материалдарды ғана пайдаланады. Мұндағы даралық сол материалдарды іріктеп, ерекшелеп алудан, лайықты жерге орналастырудан көрінеді.

Ф. де Соссюр қарастырған тағы бір проблема – ішкі лингвистика мен сыртқы лингвистика. Фердинанд де Соссюр сыртқы лингвистика тілді қоғам тарихы мәдениет тарихы, саясат, әдебиет, географиялық мекен – жай, диалектілік жіктермен байланыста қарап зерттейді, яғни тілді оның өмір сүруіне қажетті сыртқы жағдайлармен байланыста қарайды. Сыртқы лингвистика тіл жүйесінің, ішкі механизмін түсіндіре алмайды, оған

қатынасы жоқ. Ал ішкі лингвистика тілдің құрылымын, жүйесін, яғни тілдің өзіне ғана тең ішкі мәселелерін, өзіндік ішкі заңдылықтарын зерттейді дейді.

Тілдің өзіндік құрылымына тең ішкі мәселелермен қатар оған күшті әсерін, ықпалын тигізетін сыртқы құбылыстардың да болатыны даусыз. Тіл білімі үшін тілдің өзіндік құрылымын, ішкі жүйесін зерттеу қандай қажет болса, тілге әсерін, ықпалын тигізетін сыртқы жәйттерді зерттеу, білу де сондай қажет. Өйткені тілдің ішкі құрылымындағы көптеген құбылыстардың кейде одан сыртқы, яғни экстралингвистикалық жәйттердің әсерінен болып жататындығы талассыз [4, 53].

Фердинанд де Соссюр тілдің жүйесі жөніндегі проблеманы да ерекше сөз етеді. Ол: тіл – барлық элементтері бірігіп бір бүтін болып тұратын жүйе. Тілдік таңбалар – сол жүйенің құрамды элементтері. Жүйе элементтерін оларды біріне – бірін қарсы қойып қарау арқылы айқындауға болады. Сол арқылы тілдік таң –балардың маңызы мен ролі танылады. Тілдік таңбалар, яғни жүйе элементтері өзара байланысты, шартты қатынаста болады. Бір – бірімен қарым – қатынасы арқылы олардың мағыналары түрленеді, мәні, құны айқындалады дейді. Тілдің өзіндік құрылымы бар жүйелі объект екені Ф. де Соссюрге дейін де сөз болған. Ол туралы В. Гумбольдт та біраз пікір айтқан. Бірақ Ф. де Соссюрдің олардан ерекшелігі ол тіл жүйесі проблемасын лингвистиканың ең өзекті объектісі деп санады, оны өзінің басқа бірсыпыра концепциясының тууына негіз етті. Бұл саладағы оның ең бір жағымды да маңызды ісі – тілдің қазіргі күйін, оның жүйесінің қазіргі функциясын жан – жақты және терең зерттеуді талап етуі болды. Қазіргі тіл білімінде тілдік жүйе, тілдік құрылым деген мәселелер ең елеулі проблемалар қатарында қаралып жүр.

Ф. де Соссюр атына байланыстыратын тағы бір мәселе – зерттеудің синхрондық және диахрондық түрлері. Ол тіл білімін синхрондық лингвистика, диахрондық лингвистика деп екіге бөледі.

Синхрондық лингвистика тілдің ішкі жүйесін зерттейді де, диахрония бір – біріне байланыста алынған тілдік элементтердің тарихын зерттейді. Тілдің ішкі механизмі дейтініміз – тілдік жүйе. Тілдік жүйенің сырын ашу тек синхрондық зерттеудің ғана қолынан келеді. Сондықтан синхрондық лингвистика диахрондық лингвистикадан маңыздырақ. Ол – тілдің бөлшегі, бір дәуірдегі күйі туралы теория. Синхрония тілдік жүйе құрайтын элементтердің бір – бірімен логикалық, психологиялық қарым – қатынастарын талдайды [4, 61].

Сөйтіп, Ф. де Соссюр тілді зерттеудің сипаттама (синхрония) және тарихи (диахрония) әдістерін бір – біріне қарама – қарсы қояды. Синхрония тілдік жүйенің сырын ашады, диахрония тілдік жүйені бұзады, оны өзара байланысы жоқ, бөлек-бөлек фактілердің жиынтығына айналдырады деп қарайды. Тіл ғалымдарының басым көпшілігі Соссюрдің бұл пікірін тіл тарихының мәнін елемегендік деп санайды.

Фердинанд де Соссюр қойған және өзінше шешкен бұл мәселелердің қай –қайсысы да ХХ ғасыр тіл білімі дамуының талап – мүдделеріне толық сай келді. Бұлар күні бүгінге дейін тіл білімінің өзекті мәселелері ретінде қаралып келеді. Тіл ғылымы тарихында тіл білімінің ілгері дамуына дәл

Ф. де Соссюрдей ықпал жасаған ғалым аз. Дегенмен, оның концепцияларының бәрі бірдей мінсіз де емес, еңбектерінде қайшылықтар да, қате тұжырымдар да бар.

Чарльз Моррис семиотика ғылымын білімнің энциклопедиясына 1938 жылы қосып, «Таңбалар негізі туралы ілім» («Основы теории знаков») атты еңбек шығарады бұл еңбек жаңа ғылымның дамуына үлкен қарқын береді. Ол адамның ақыл – ойы белгі, таңба арқылы туындайды және семиотика ғылымның адаммен үндесуін ретке келтіреді деп есептеген. Моррис семиотикаға «метабелгі» («метазнак») түсінігін енгізеді ол – таңбаны белгілейтін таңбалар яғни бір таңба белгілі бір ойды емес бірнеше ойды білдіреді деп есептеген [5, 118].

«Таңбалар негізі туралы ілім» кітабындағы «Таңбаның табиғаты» бөлімінде Моррис айтады: *«Таңба қызметін атқаратын процессті семиозис деп атар едім. Таңба белгіленген ойды емес, белгілі бір құпияны жасырады ол құпия салт – дәстүр немесе астарлы оймен байланысты болады. Демек таңба мен белгі белгілі бір нәрсеге емес белгілі бір мақсатта жасалады»* [6, 37].

Моррис өзінің таңба туралы ойын былай анықтайды « «А» бұл белгі таңба болса, «В» ол назар аударушы. «В» ның «А» ға қатынасы ойды тудырып тұр» Чарльз Морристың «таңба» туралы теориясын дәлелдеу үшін мысал келтірейік. Үйретілген ит қоңырауды ести сала, тамағы құйылған тостағанға жүгіреді. Көлік жүргізушісі көше жабық екенің белгісін көріп, басқа көшеге түседі. Бірінші жағдайда қоңырау ол тамақтың, екінші жағдайда көше жабық деген белгі көлік жүргізушісіне ой салады. Демек «А» бұл жол жигіндегі көшенің жабық екенін білдіретін белгі болса, «В» ол көлік жүргізушісі.

Моррис таңбалардың мағынасын зерттей отырып таңбаның белгілену қарай бес типін бөледі:

- 1) таңба – идентификаторы («қайда?» деген сұраққа жауап беретін таңбалар)
- 2) таңба – десигнатор («не?» деген сұраққа жауап беретін таңбалар)
- 3) бағалаушы таңбалар немесе аппрайзер - таңбалар («не себепті?» деген сұраққа жауап беретін таңбалар)
- 4) прескиптивті («қалай?» деген сұраққа жауап береді);
- 5) формальды немесе таңба систематизациясы [6, 89].

Морристің айтуына қарасақ дүниеге келгеннен бастап, қайтыс болғанша адам таңбалардың ортасында өмір сүреді. Таңбасыз адам өмірі мағынасыз болады және де таңба адам мінезінің қалыптасуына әсер ететін семиотика адам өмірімен, ғылым саласында маңызды.

Таңба туралы классикалық семиотика анықтамалардың бірінде таңба – белгілі бір зат немесе белгілі бір құбылыс. Басқа ғалымдардың еңбегіндегі таңба ұғымына тоқталсақ, «Семиотика для наченающих» еңбегінде Д. Чандлер жазады: *«Көптеген семиотика туралы анықтамаларда семиотика таңбалар жүйесін зерттейтін ғылым. Бірақ семиотика тек таңбалар*

жүйесін ғана емес, ол қимыл іс – әрекетті, сөзді, заттарды зерттейді» [8, 8]. Чарльз Пирс «76 определенных знака» мақаласында «Таңба немесе репрезентема қатынаста немесе ойда белгілі бір мағынаны береді» [9, 37]. Ал У. Эко болса өз еңбегінде жазады: «Таңба ол бәрі ол ауыстырушы болып қарастырылады» [10, 4]. Көріп отырғанымыздай көптеген ғалымдардың таңба туралы ойлары бір – біріне ұқсас келеді. Бұл ойды Моррис пен Соссюрде қолдайды [11, 77].

Таңба мәдениетінің қасиетін алғаш рет байыпты зерттеген Э. Кассирер болған. Ол мәдениетті зерттеудегі семиотикалық концепциясының негізін қалады. Кассирердің ойынша адам өміріндегі барлық қызметте рәміздік мағына бар. Бұл теориядан қалыптасатын ой, адам өмірінің мәні символдардан тұрады. «Философия символических форм» еңбегінде ол мифология мен дінді, ғылымды мәдени – символикалық жүйе ретінде қарастырады.

Мәдени семиотикалық бағыттың негізін қалаушылардың бірі Ю. М. Лотман. Ол мәдениеттегі таңбалар жүйесін «семиосфера» деп атап, глобальды сипат берді. Негізгі мәдениетіндегі әлеуметтік ролді семиотикалық емес ұжым зердесі сақтап және жалғастыратын жиналмалы тәжірибе деп атады [12, 87].

Таңба – заттың мағына беретін, іс – әрекет пен өзіне тән мінезділік пен адам айналасындағы дүние. Таңба ол рәміз, материалды құбылыс, көрнекті бейне мен формада абстракті ой мен түсінік береді [13, 104].

Рәміз – ол ерекше мақсаттылықты туғызады. Көбіне рәмізде жоғарғы рөлді құндылық атқарады. Рәміз бен адам, мәдениет пен қоғам, табиғи құбылыс бір – бірімен тығыз қарым – қатынаста. Мысалы кептер Пикассо – барлық дерлік әлем елдерінде символ болып табылады немесе «крест» ол христиан дінде Исус христостың өлімімен және күнәден тазару мен тығыз байланысты. Жоғарыда қарастырғандай демек символ мифологиямен, дінмен, салт – дәстүр, әдет – ғұрыппен тығыз байланыста [12, 88].

Қорыта келе айтарым, семиотика бұл таңбалар жүйесін зертеу үшін ғана емес, семиотика ғылым саласын – лингвистикада, математикада, әдебиетте, сәулет өнерінде, көркем суретте, пәтерді жобалауда пайдаланады. Семиотика – ол бір құпия жасырулы сандық іспеттес. Семиотика метадиалогиясы сәулет өнерін зерттеуде өте пайдалы аспект болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Философский энциклопедический словарь. Москва. 1989. С. 587. Хрестоматия: Уч. – методич. модуль/под ред. Л.Л.Фёдоровой. М.: Изд – во Ипполитово, 2005. – С. 500.
2. Пирс Ч.С. Логика как семиотика: теория знаков. // Метафизические исследования. Вып. 11. Язык. СПб, 1999. – С. 199 – 217.
3. Соссюр Ф. де. Труды по языкознанию. — М., 1977. – С. 266.
4. Моррис Ч. Значение и означивание // Семиотика. М., 1983. – С. 490.
5. Моррис Ч. Основания теории знаков // Семиотика. М., 1983. – С. 256.

6. Степанов Ю.С. Структура современной семиотики и её основные понятия. // Язык как знаковая система особого рода. Материалы к конференции. М., 1967. С.73-77
7. Булыгина Т.В. Особенности структурной организации языка как знаковой системы и методы её исследования // Язык как знаковая система особого рода. Материалы к конференции. М., 1967. – С. 8.
8. Леонтьев А.А. Языковой знак как проблема психологии // Язык как знаковая система особого рода. Материалы к конференции. М., 1967. С. 37.
9. Основные направления структурализма. М., 1964. – С. 347.
10. Степанов Ю.С. Структура современной семиотики и её основные понятия. // Язык как знаковая система особого рода. Материалы к конференции. М., 1967. С.73-77.
11. Эко У. Отсутствующая структура. Введение в семиологию. СПб, 1998. – С.456.